

## Тексерулер туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті Төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы № 52 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда тіркелді. Тіркеу № 1447. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 маусымдағы № 288 бұйрығымен

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 209 және 215-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыратын тексерулерді жүргізу дің тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы кеден органдарының кедендік тексеру және пост-кедендік бақылау бөлімшелері бақылау кеден органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының заңнамасы сақталмайды не толық мөлшерде сақталмайды деп ойлауға негіздемелер болған жағдайда кедендік ресімдеу аяқталған тауарлар мен көлік құралдарын бақылауды жүзеге асырсын, сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізетін тұлғалардың, кедендік брокерлердің, кедендік тасымалдаушылардың, кедендік, еркін қоймалар, қоймалар және уақытша сақтау орындары иелерінің қаржылық және сыртқы экономикалық қызметтін тексерулерді ұйымдастырысын және жүргізсін.

3. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы кеден органдарының кедендік тексеру және пост-кедендік бақылау бөлімшелері:

1) тауарлар мен көлік құралдарының бар-жоғын тексеруді, қайталап кедендік тексеруді, кедендік декларацияда көрсетілген мәліметтерді қайта тексеруді, коммерциялық қызметті көрсететін құжаттарды, сондай-ақ аталған тауарлармен коммерциялық операцияларға қатысты басқа ақпараттарды тексеруді ұйымдастырын;

2) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізетін тұлғалардың, кедендік брокерлердің, кедендік тасымалдаушылардың, кедендік, еркін қоймалар, қоймалар және уақытша сақтау орындары иелерінің қаржылық және сыртқы экономикалық қызметтін тексеру жөнінде іс-шаралар жүргізсін;

3) белгіленген тәртіпке сәйкес меншік нысандарына қарамастан ведомстволар мен ұйымдардан, Қазақстан Республикасының азаматтарынан, шетелдік

азаматтардан және азаматтығы жоқ адамдардан Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті түсініктеме, мәлімет және ақпарат алсын.

4. "Кеден органдарындағы қаржылық және сыртқы экономикалық қызметті тексеруді жүргізуіндегі тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1997 жылғы 16 мамырдағы N 127 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

5. Кедендік кірістер бас басқармасы (Б.А. Жұмабеков) осы бұйрықтың іске асырылуын қамтамасыз етсін.

6. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Г.Ә. Мұхамедиева) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

7. Баспасөз қызметі (Б.Т. Омарәлиев) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының орынбасары Б.Т. Жұмабаев аяқталғанда жүктелсін.

9. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

### *Тәрага*

Келісілді	Қазақстан Республикасының	
Қазақстан Республикасының	Мемлекеттік кіріс министрлігі	
Мемлекеттік кіріс министрі	Кеден комитетінің	
2001 жылғы	2001 жылғы 15 ақпандагы	
N 52 бұйрығымен бекітілді		
<b>Қазақстан асыратын</b>	<b>Республикасының кеден тексерулерді</b>	<b>органдары жүзеге жүргізуіндегі</b>
<b>ТӘРТІБІ</b>		

1. Осы Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыратын тексерулерді жүргізуіндегі тәртібі (бұдан - әрі Тәртіп) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыратын тексерулерді (бұдан әрі - тексерулер) үйымдастырудың тәртібін белгілеуді.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткіzetін тұлғалардың, кедендік брокерлердің, кедендік тасымалдаушылардың, кедендік, еркін қоймалар, қоймалар және уақытша сақтау орындары иелерінің қаржылық және сыртқы экономикалық қызметтің тексерулер, орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының бұзылғандығы туралы жорамалдауға жеткілікті

негізdemелер болған кезде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 209-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Кеден органдары тексерулер тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтуі кезінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушы (бұдан әрі - СЭК-та қатысушы) ұсынған құжаттарды зерделеудің және талдаудың негізінде, тікелей Қазақстан Республикасының кеден органы орналасқан жер бойынша жүргізе алады.

Құжаттамалық тексерулер жолымен анықталған жеткілікті негізdemелер болған жағдайда кеден органы көшпелі тексерулер жүргізеді.

Тексерілетін тұлға ұсынған мәліметтер туралы қосымша ақпараттар алудың қажеттігі пайда болған жағдайда кеден органы үшінші тұлғаларға қатысты қарсы т е к с е р у жүргізді .

4. Тексерулер жүргізу туралы шешімді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Кеден комитеті) не Қазақстан Республикасының аумақтық кеден органының бастығы қабылдайды.

5. Тексеру іс-шарасы қатаң есептілік бланкісінде екі данада ресімделген және м ы н а д а й д е р е к т е м е л е р д і :

ұйғарымның Қазақстан Республикасы кеден органында тіркелген күні мен н ө м і р і н ;

ұйғарымды шығарған Қазақстан Республикасы кеден органының атауын;

тексерулер объектісінің толық атауын;

тексерулердің негізdemесі мен мақсатын;

тексерілетін адамдардың, оның ішінде тексеруге тартылатын мамандар мен сарапшылардың лауазымын, тегін және аты мен әкесінің атының бастапқы ә р і п т е р і н ;

тексеруді жүргізудің мерзімін қамтитын, осы Тәртіпке 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша ұйғарым болған жағдайда және оған сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

6. Ұйғарымға қол қойылған, кеден органының елтаңбалы мөрімен расталған және белгіленген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жаңындағы Құқықтық статистикалар және ақпараттар орталығының аумақтық органдарында тіркелген болуы тиіс.

7. Тексерулер жүргізу туралы ұйғарымдардың есебін жүргізуді нөмірленуі, қатталып тігілуі және Қазақстан Республикасы кеден органының мөрімен бекітілуі тиіс арнаулы тіркеу журналында кеден органдары жүзеге асырады.

8. Ұйғарым алғандығы туралы көшірмесіне белгі қоятын тексерілетін тұлғаға тапсырылады. Тұлға ұйғарымды қабылдаудан бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамы тексерілетін тұлға өкілінің не куәгерлердің қатысуымен ұйғарымды қабылдаудан бас тартқандығы туралы акті

жасайды. Ұйғарымды алудан бас тарту тексерулерді тоқтату үшін негізде  
б о л ы п т а б ы л м а й д ы .

9. Берілетін ұйғарымда көрсетілетін тексерулерді жүргізу мерзімі ұйғарым  
табыс етілген сәттен бастап 30 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

10. Құрылымдық бөлімшесі бар занды тұлғаға тексеру жүргізу кезінде кеден  
органы тексеру жүргізу мерзімін 60 жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.

11. Тексерулер оны жүргізу мерзімі ішінде тексерілетін тұлғаға Қазақстан  
Республикасының кеден органының құжаттар ұсыну туралы талаптары  
тапсырылған және сұратылған құжаттар іс-жүзінде ұсынылған сәттердің  
арасындағы уақыт кезеңіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кеден органының  
сұрау салуы бойынша мәліметтер мен құжаттарды алу сәтіне тоқтатыла тұрады.

12. Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан  
Республикасының заңнамасына сәйкес кеден органдарының құзыретіне жататын  
тексерулерді жүргізу үшін құқық қорғау және бақылау органдарының, кез келген  
мемлекеттік және шарттық негізде мемлекеттік емес занды тұлғалардың  
мамандарын, сондай-ақ сарапшыларды тексерулерді жүргізуге жәрдем көрсету  
Ү ш і н т а р т у ғ а қ ұ қ ы қ т ы .

13. Тексерулерге тартылған адамдардың, егер олар Қазақстан  
Республикасының заңнамасына сәйкес тексерілетін обьектінің аумағына немесе  
үй-жайына кіру үшін қажет болса өзімен бірге арнайы рұқсаты болуы тиіс.

14. Қаржылық және сыртқы экономикалық қызметті тексерулерді жүргізу  
кезінде Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының:

тексерілетін тұлғаның ұйғарымға сәйкес бақылауға жататын тауарлар мен  
көлік құралдары болуы мүмкін аумағы мен үй-жайына кіруге;

тексерулердің мақсатына қатысы бар кез келген құжаттама (банктік  
құжаттаманы қоса алғанда) мен ақпаратты тегін ұсынуды талап етуге және  
о л а р м е н т а н ы с у ғ а ;

белгіленген тәртіпке сәйкес тексерілетін тұлғаның лауазымды адамдарынан,  
Қазақстан Республикасының азаматтарынан, шетелдік азаматтардан және  
азаматтығы жоқ азаматтардан түсініктеме, анықтамалар, мәліметтер алуға;

ыдыстар мен үй-жайларды қаттап мөрлеуге;

2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы акті бойынша құжаттарды алуға  
қ ұ қ ы ғ ы б а р .

15. Тексерулер аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы кеден органының  
лауазымды а д а м ы :

тексерулер жүргізілген жерді, акті жасалған күнді;

тексеруді жүргізген Қазақстан Республикасының кеден органы лауазымды  
адамдарының лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын;

тексерілген тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын не толық атауын;

тексеру объектісінің орналасқан жерін, банктік деректемелерін, сондай-ақ оның салық төлеушілік тіркеу нөмірін;

тексерілетін тұлғаның салықтық және бухгалтерлік есептілігін жүргізу үшін жауапты басшы мен лауазымды адамдардың тегін, атын, әкесінің атын;

тексерілген кезеңді және тексеру жүргізу үшін салық төлеуші (салықтық агент) ұсынған құжаттар туралы жалпы мәліметті;

бақылау Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген заңнаманың тиісті нормаларына сілтеме жасай отырып, анықталған жолсыздықтардың егжей-тегжейлі сипаттамасын;

тексерудің нәтижелерін көрсете отырып, тексеру актісін жасайды.

16. Тексерілетін адамға тексеру актісі табыс етілген күн тексеру аяқталған күн болып саналады.

17. Егер тексеру аяқталғанда қандай да болмасын жолсыздық анықталмаған жағдайда ол туралы тексеру актісінде тиісті белгі жасалады.

18. Құжаттардың қажетті көшірмелері, Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамы жасаған есептер және тексеру барысында алынған басқа да материалдар тексеру актісіне қоса беріледі.

19. Акті екі данада жасалады және оған тексеруді жүргізген Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамы қол қояды. Актінің бірінші данасы кеденниң іс-қағазына жолданады, екінші данасы қолы қойғызылып тексерілген тұлғаға беріледі. Соңғысы актіні қабылдаудан бас тартқан жағдайда дана почтамен жіберіледі.

20. Тексеру актісі нөмірленуі, қатталып тігілуі және Қазақстан Республикасы кеден органының мөрімен бекітілуі тиіс, арнаулы тексеру актілерін тіркеу жүрнәлінде тіркеledi.

21. Актіде көрсетілген жүргілген тексерулердің нәтижелері кедендік және валюталық заңнаманың бұзылғандығы байқалған жағдайда кеден ережелерінің бұзылғандығы туралы іс жүргізу, контрабанда немесе кеден ісі саласындағы қылмыстар туралы қылмыстық іс қозғау үшін негіздене болуы мүмкін.

22. Тексерулердің нәтижесінде ол бойынша айыпты адамдарды жауаптылықта тарту Қазақстан Республикасы кеден органдарының құзыретіне кірмейтін жолсыздықтар аңғарылған жағдайда актінің көшірмесі тиісті мемлекеттік органға жіберіледі.

23. Өзіне қатысты тексеру жүргілген тұлға тексерулердің нәтижелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануы мүмкін.

24. Тексерулердің нәтижесінде алынған барлық ақпарат құпия болып табылады және тек кедендік мақсатта ғана пайдаланылады. Мұндай ақпарат жариялана, оны Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды

адамдары жеке мақсатта пайдалана, үшінші тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда өзге де мемлекеттік органдарға беріле алмайды.

25. Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының тексерулерді жүзеге асыру кезіндегі іс-әрекеті оған қатысты тексерулер жүргізілетін тұлғаға заңсыз залал келтірмеу тиіс.

26. Тексерулер жүргізу кезіндегі заңсыз шешімдердің, іс-әрекеттердің салдарынан тұлғаларға және олардың мүлкіне келтірілген шығындар мен зияндар үшін кеден органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауптылықта болады.

Тексерулер  
тәртібінде  
1-қосымша

жүргіздін

Кедендік мақсаттарда қаржылық және сыртқы  
экономикалық қызметтерге тексерулер  
жүргізу  
тұралы

N        үйгарым

1. \_\_\_\_\_ (тексеруді жүзеге асыруши кеден органдының атауы)
2. \_\_\_\_\_ (тексерілетін тұлғаның толық атауы)
3. Тексерілетін тұлғаның СTH-i \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_ (тексерудің негізdemесі мен мақсаты)  
\_\_\_\_\_

5. Тексеру жүргізудің мерзімі \_\_\_\_\_
6. Тексеруді жүргізуге уәкілдік берілген адамдардың лауазымы, тегі, аты мен әкесінің атының бастапқы әріптері \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

БКБ (КБ) бастығы

(қолы) (аты-жөні)

М.О.  
N 0000000

Тексерулер  
тәртібінде  
2-қосымша

жүргіздін

**Кедендік мақсаттарда қаржылық және сыртқы  
экономикалық қызметтерге тексерулер  
жүргізу кезінде құжаттарды алу акті**

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 205-бабына сәйкес

мақсатында мен,  
(құжаттарды алуды жүргізуші адамның аты-жөні, лауазымы)

(құжаттарды алу жүргізілетін тұлға өкілінің аты-жөні, лауазымы)

қатысуымен

1. \_\_\_\_\_  
(қатысушылардың аты-жөні, тұратын жері, жұмыс орыны, лауазымы)

2. \_\_\_\_\_  
қоса болуымен

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 205-бабының талаптарын сактай отырып,

(алу жүргізілген жердің мекен-жайы көрсетіледі)  
мекен-жай бойынша

(құжаттарды алу жүргізілетін тұлғалардың атауы)

мынадай құжаттарды  
(құжаттардың толық атауы, құжаттағы парактардың саны)

(құжаттарды алу актінің екінші жағы) \_\_\_\_\_

алуды жүргіздім,  
алуға қатысқандардың жасаған мәлімдеулері мен ескертулері

Осы акті оқылды. Жазылды \_\_\_\_\_  
(қатысушылардың ескертулері: дұрыс/дұрыс емес)

\_\_\_\_\_ (қатысушылардың қолы)

Актіні жасаган \_\_\_\_\_  
(қолы) (лауазымды адамның аты-жөні)

Қоса болғандар: \_\_\_\_\_  
(қолы) (қоса болған адамның аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы) (қоса болған адамның аты-жөні)  
200 \_\_\_\_ ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ актінің көшірмесін алдым

\_\_\_\_\_ (тексерілетін тұлға өкілінің лауазымы, қолы, тегі, аты мен

\_\_\_\_\_ (екесінің атының бастапқы әріптері)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК